

ХАТТАМА
18.12.2024 ж.

ПРОТОКОЛ
№ 18

Қостанай қаласы

город Костанай

Ғылыми кеңестің кезектен тыс отырысы
Төраға – С.Б.Куанышбаев
Хатшы – М.А. Хасанова
Қатысты: 52 (55 тен)

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024 жылғы I жартыжылдықтағы құжат айналымына мониторинг туралы.
Әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Темирбеков Нұрлыхан Мұқанұлы

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Басқарма Төрағасы – Ректор, Ғылыми кеңестің төрағасы С.Б.Куанышбаев күн тәртібін жариялады. Күн тәртібі бірауыздан бекітілді.

Төраға: күн тәртібіне көшу.

1. ТЫҢДАДЫ:

Н.М.Темирбеков, әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор: Тіл саясат комитеті ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдардың 2024 жылғы I жартыжылдықтағы құжат айналымына мониторинг жүргізді.

Мониторинг нәтижесі шығыс құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі – 63,9% (2023 жылмен салыстырғанда өсім +2,7%), ішкі құжат айналымындағы үлес 67,8%-ті (2023 жылмен салыстырғанда өсім +7,3%) көрсетті.

Бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарындағы индикатордан төмен (жоспар 91,5%).

2024 жылдың I жартыжылдығында ведомстволық бағынысты ұйымдардың құжат айналымына жүргізілген мониторинг бойынша біздің университет мынадай көрсеткіштерге ие:

-шығыс құжат айналымы мемлекеттік тілдегі үлесі – 70,0%

-ішкі шығыс құжат айналымы мемлекеттік тілдегі үлесі – 71,0%.

Құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесіне жүргізілген мониторинг қорытындысы таныстырылды және талқыланды.

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ 2025-2029 жылдарға арналған даму жоспарына «Жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі» индикатор ретінде енгізілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

К.К.Есиркепова, Педагогикалық институттың директоры: Университеттің ішкі құжат айналымы құжаттар түгелдей мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс.

Тілді дамыту - елдің мемлекеттік саясатының аса маңызды бағыттарының бірі. Жалпы мемлекеттік тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру бұл бұқаралық іске айналғанда ғана көздеген мақсатына жете алады. Ең бастысы, қазір қазақстандықтар мемлекеттік тілді қолдау және дамытуға ықылас танытып отыр. Бүгінгі күні тілдерді дамыту жан-жақты қарастырылуда. Тіліміздің қолданыс аясы кеңейіп, мәртебесі артарына сенімдімін.

Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңыз алып отыр. Соңғы кезде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып дамуына ықпал ететін басты-басты қадамдар жасалуда. Тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, жоғарыда аталған бастамаларды дұрыс жолға қоюды қолдаймыз.

ШЕШТИ:

1. Университеттің ішкі құжат айналымы (ереже, нұсқаулықтар, оқу-әдістемелік, ұсыныс, өтініш, өтінімдер, қызметтік хат т.б.) құжаттар түгелдей мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс (қажет болған жағдайда басқа тілде қоса беріледі).

3. Университеттің құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамасыз ету барлық бөлім (әкімшілік, институт, факультет, орталықтар) басшыларына жүктелсін.

Төраға

Хатшы



С.Куанышбаев

М.Хасанова